

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Жас ғалымдар кеңесінің ережесі		KE-02-03-02
Бекітілген 01.09.2023 ж.	Басылым №1	8 беттің 1-сі

«БЕКІТЕМІН»
 Басқарма Төрағасы – Ректор
 А. Сақенов
 «01» 09 2023 ж.



KE-02-03-02
ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІНІҢ ЕРЕЖЕСІ

Түркістан, 2023

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Жас ғалымдар кеңесінің ережесі		KE-02-03-02
Бекітілген 01.09.2023 ж.	Басылым №1	8 беттің 2-сі

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

ӘЗІРЛЕГЕН:

Ғылыми зерттеу орталығының басшысы



Т. Абдрасилов
«01» 09 2023 ж.

КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-ректор



К. Адилова
«01» 09 2023 ж.

Әкімшілік бөлімінің басшысы



К. Тубеков
«01» 09 2023 ж.

Сапаны қамтамасыз ету бөлімінің басшысы



А. Ермухамедова
«01» 09 2023 ж.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Жас ғалымдар кеңесінің ережесі		KE-02-03-02
Бекітілген 01.09.2023 ж.	Басылым №1	8 беттің 3-сі

МАЗМҰНЫ

1. Қолданылу саласы	4
2. Нормативті сілтемелер	4
3. Қысқартулар	4
4. Жауапкершілік және өкілеттілік	4
5. Жалпы ережелер	5
6. Жас ғалымдар кеңесін қалыптастыру тәртібі	5
7. Құқықтары	6
8. Өзгерістерді енгізу тәртібі	6
9. Келісу, сақтау және тарату	6
10. Өзгерістерді тіркеу парағы	7
11. Танысу парағы	8

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Жас ғалымдар кеңесінің ережесі		KE-02-03-02
Бекітілген 01.09.2023 ж.	Басылым №1	8 беттің 4-сі

1. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Жас ғалымдар кеңесі (бұдан әрі – ЖҒК) «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ (бұдан әрі – Университет) қоғамдық ұйымы болып табылады. ЖҒК қызметі Университеттің жас ғалымдарының ғылыми белсенділігін қолдауға, жетекшілік етуге және дамытуға ықпал етуге, ғылыми іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге, түрлі ғылыми-инновациялық конкурстар мен жобаларды сүйемелдеуге, соның ішінде университеттің жас ғалымдарының ғылыми идеяларын іске асыруға қаржыландыруды тартуға бағытталған.

1.2 Жас ғалымдар кеңесінің ережесі (бұдан әр – Ереже) ЖҒК құқықтық мәртебесін анықтайды. Осы Ережеге барлық өзгерістер мен толықтырулар Кеңестің жалпы жиналысының шешімімен енгізіледі және Университеттің Басқарма Төрағасы – Ректормен (бұдан әрі – Ректор) бекітіледі.

1.3. Ереже ЖҒК қызметінің мақсаттары мен міндеттерін, оның өкілеттігі мен құрамын, ЖҒК мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін анықтайды және негізгі регламенттеуші құжат болып табылады.

1.4 ЖҒК құрамына Университеттің барлық мектептері ұсынған жас ғалымдары мен білім алушылары кіреді.

1.5 ЖҒК қызметіне жалпы басшылықты Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-ректор жүзеге асырады. ЖҒК қызметі Ғылыми-зерттеу орталығымен және Университеттің басқа да құрылымдық бөлімдерімен байланыста жүзеге асырылады.

2. НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Университеттің осы ережесінде төменде көрсетілген нормативті құжаттарға сілтемелер қолданылған:

- ҚР Білім туралы заңы;
- ҚР Ғылым туралы заңы;
- «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» қаулы;
- «Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» қаулы;
- Университет Жарғысы;
- 2023-2029 жж. Стратегиялық даму бағдарламасы.

3. ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1 Университеттің осы ережесінде төмендегі қысқартулар қолданылды:

- ҚР ҒЖБМ – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрілігі;
- Университет – «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ;
- Ректор – Басқарма Төрағасы – Ректор;
- Ереже – Жас ғалымдар кеңесінің ережесі;
- ЖҒК – Жас ғалымдар кеңесі

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

4.1 Осы Ереже Университеттің Ғылыми кеңес мәжілісінде талқыланады және қарастырылады.

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Жас ғалымдар кеңесінің ережесі		KE-02-03-02
Бекітілген 01.09.2023 ж.	Басылым №1	8 беттің 5-сі

4.2 Осы Ережені Университет Ректоры бекітеді.

4.3 Университеттің осы Ережесі талаптарының орындалуына Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-ректор жауапты болып табылады. Ұйымдастыру жұмыстарымен Ғылыми-зерттеу орталығы айналысады.

5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 Кеңестің негізгі мақсаттары:

- жас ғалымдарға кәсіби деңгейлерін арттыру, олардың іргелі және қолданбалы зерттеулерге белсенді қатысуына жәрдемдесу;
- ғылыми әлеуеттерін дамыту және олардың шығармашылық қабілеттерін жүзеге асыру;
- ғылыми білімді және соңғы ғылыми жетістіктерді насихаттау;
- өзекті ғылыми проблемалар мен басым ғылыми міндеттерді шешу үшін жас ғалымдардың күш-жігерін біріктіру.

5.2 Кеңестің негізгі міндеттері:

- Университеттің жас ғалымдарын біріктіру және қойылған мақсаттарды орындау, жаңа білім алу үшін олардың қызметін жандандыру, сондай-ақ бірлескен ғылыми қызметті ұйымдастыру;
- Университеттің жас ғалымдарына іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізуге көмектесу;
- жас ғалымдардың зерттеу жобаларына, ғылыми гранттарға, конкурстарға, бағдарламаларға, тағылымдамаларға қатысу нысандарын жетілдіру;
- басқа ғылыми ұйымдардың, жоғары оқу орындарының кеңестерімен байланыстар желісін қалыптастыру және кеңейту;
- жас ғалымдардың конференцияларын, семинарларын және кездесулерін, жетекші ғалымдардың лекциялар циклдерін өткізуді ұйымдастыру;
- жас ғалымдардың республикалық және халықаралық конференциялар мен семинарларға, симпозиумдарға, тағылымдамаларға қатысуына жәрдемдесу және қолдау көрсету.

6. ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘРТІБІ

6.1 ЖҒК құрамы Университеттің ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысатын 35 жасқа дейінгі магистр немесе 40 жасқа дейінгі PhD дәрежесі бар оқытушылары мен білім алатын жас ғалымдарынан құралады.

6.2 ЖҒК мүшелігіне мектеп директорымен бекітілген 1 (бір) оқытушы және 1 (бір) білім алушы ұсынылады. ЖҒК мүшелігіне ұсынылған мектеп өкілі 1 (бір) жылға сайланады. ЖҒК мүшесін шығару немесе ауыстыру туралы шешім ЖҒК жалпы жиналысында қабылданады.

6.3 ЖҒК төрағасы, төрағаның орынбасары, хатшы Жас ғалымдардың жалпы жиналысында сайланады. ЖҒК құрамы Университет Ректорымен бекітіледі.

6.4 ЖҒК мүшелерінің тең құқықтары бар және тең міндеттер атқарады.

7. ҚҰҚЫҚТАРЫ

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Жас ғалымдар кеңесінің ережесі		КЕ-02-03-02
Бекітілген 01.09.2023 ж.	Басылым №1	8 беттің 6-сі

7.1 ЖҒК төрағасының құқығы:

- ЖҒК кезекті отырысын шақыру және өткізу мерзімдері туралы шешім қабылдау, ЖҒК отырысын дайындау және өткізудің басқа да мәселелерін шешу;
- ЖҒК отырыстарында төрағалық ету;
- ЖҒК қызметін үйлестіру;
- келісім бойынша ЖҒК отырыстарына кеңесші дауыс құқығымен қатысу.

7.2 Орынбасарларының құқығы:

- ЖҒК шешімі бойынша орынбасар кеңесші дауыс құқығымен ЖҒК отырыстарына қатысады және ол болмаған кезде Кеңес төрағасының функцияларын орындайды.

7.3 ЖҒК мүшелерінің құқығы:

- ЖҒК істерін басқаруға қатысу;
- ғылыми және қоғамдық өмірдің түрлі мәселелері бойынша ғылыми кеңеске ұсыныстар енгізу;
- Университет жастарының құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру және қорғау;
- ЖҒК қызметі туралы ақпарат алу;
- ЖҒК жалпы жиналыстарында күн тәртібіне ұсыныстар енгізу;
- инновациялық және енгізу орталықтарымен және ұйымдармен, ғылыми-зерттеу жобаларын, бағдарламаларды жүзеге асыратын және оларға қаржылық қолдау көрсететін өзге де мүдделі ұйымдармен, қорлармен (гранттар) өзара іс-қимыл жасау;

8. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

8.1 Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-ректордың ұсынысы негізінде Ғылыми кеңес мәжілісінің шешімімен енгізіледі.

8.2 Осы Ережеге енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс.

9. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

9.1 Осы ережені өзгерту, толықтыру және жою туралы шешімді Ректор белгіленген тәртіппен қабылдайды.

9.2 Осы Ережені әзірлеуді және өзектендіруді Ғылыми-зерттеу орталығы жүзеге асырады.

9.3 Осы Ереженің жұмыс данасы Ғылыми зерттеу орталығында, ал бақылау данасы Сапаны қамтамасыз ету бөлімінде сақталады.

